

ҚАҒАТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Кадрлардың шын мәнісінде шынығуы қайнаған істе, мектептен тыс жерде, қыйыншылықтарға қарсы күресте, қыйыншылықтарды жою үстінде болады. Естеріңізде болсын, жолдастар, қыйыншылықтан қорықпайтын, қыйыншылықтан қаймығып жасырынбайтын, қайта соларды жеңу үшін, жою үшін қыйыншылықтарға қасқайып қарсы шабатын кадр ғана жақсы кадр болады. **И. СТАЛИН.**

Баға білсең, қой—өсімтал түлік

Менің кейбір тәжірибем

Жаппай төл алу маусымы басталған без еді. Колхоз басқармасы мені қой бағуға осы кезде жіберді. Фермада ат-ғапта төл шығыны өте көп болды. Қойлардың көпшілігінің дерлік күйі төменді. Аға шопан менің үлесіме фермада еңбек ұйымдастыру ісін жолға қою, сөйтіп, қой шығынын жою, төлді аман өсіру міндеті тиді.

Мен қойды бағыш күтудің және азықтандырудың жаңа графигін жасадым. График бойынша қоздаған және қоздайтын қойларды, сол сыяқты, төлдерді айырықша күтімге алдым. Оларды әртүрлі құнарлы азықпен тәулігіне 4—5 рет азықтандырып отырдым.

Қой — тұзды жақсы көретін түлік. Өйткені, тұз жесе, я жаласа ол азықты сүйін жейді және оны бойына түгелдей дерлік сіңіреді. Осыны мұқият еске ала отырып, мен қойға күн сайын тұз беріп отырдым. Бұл шараны мына жолмен жүзеге асырдым. Қойды күнбе- күн қолдан үш рет суардым да, суға тұз қостым. Осыдан қойын қой берілген жем-шөпті түгел және сүйсіне жейтін болды. Сол сыяқты, қой қораларын үнемі таза және жылы етіп ұстадым. Осы шаралардың барлығы аз уақыт ішінде қойдың

дың барлығының дерлік қоңы жақсы. Суықтан, немесе күтімнің нашарлығынан жүдегені, шығынға ұшырағаны жоқ. Қойдың қорасы жылы, азығы мол. Ол тәулік сайын тойдыра азықтандырылады. Быйылғы жылы да төл алу маусымы негізінен алғанда апрель және май айларында екі жүйе өтеді. Бұл сыяқты жауапты кезеңге осы күннің өзінде толық әзірміз. Төл үйі және төлдік жем-шөп қажетке сай бар.

Қой санын өсіру, төлді аман сақтау міндетін ойдағыдай шешу үшін зоотехникалық, мал дәрігерлік шараларды мінсіз жүзеге асыру қажет. Қой өсіруде табысқа жетудің негізгі бір тетігі, міне, осында. Мен бұған баса көңіл белемін. Күнбе- күн әрбір қойдың күйін, оның азықтануын бақылап отырамын. Жүдеуге айналған, немесе ауырған қой болса, оларды қолма- қол оңаша күтімге шығарып, зоотехникалық-мал дәрігерлік бақылау жасаймын.

Шопан үшін ендігі бір жауапты және қыйын кезең—көктемгі-жазғы маусым. Бұл кезде дұрыс, тынғылықты күтім жасалмаса, қой бұрынғы күйінен айырылып қалуы мүмкін. Ол былай болады: бәрімізге мәлім, бұл кезеңде мал қалдар

Елімізге жүнді көп берейік

Озат фермалардың тәжірибесі биязы және жартылай биязы жүнді қойларды өсіруде, жергілікті тұқымды қойлардың асылдандырылуы нәтижесінде жүнді көп беруіне жетісуде мемлекеттік племрасадниктің шешуші роль атқаратындығын көрсетіп жүр.

Бұлаев ауданының бірқатар ауылшаруашылық артельдерінің фермаларында қой шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспары артығымен орындалды, сол сыяқты, оларда жүннің мөлшері және сапасы артты. Мәселен, «Красное знамя» ауылшаруашылық артелинің (председателі Чуркин жолдас, қой фермасының меңгерушісі Юмашев жолдас) мүшелері үшжылдық жоспарды 117 процент орындады, мемлекетке жүнді жоспардағыдан едәуір артық тапсырды. Бұл колхоздың тапсырған жүндерінің 66 проценті жоғары сапалы, 29 проценті жартылай биязы жүн. Колхоз әрбір қойдан орта есеппен 2,9 килограмм жүн қырықты және оны мемлекетке тапсырудан қой басы 78 сомнан пайда тапты.

Мемлекеттік племрасадниктің қамтуын

Совет саудасы тұтынушылар талабына сай жүргізілсін

Бүкіл еліміздегі сыяқты, біздің облысымыздың сауда және көпшілік тамақ орындары да өткен жылы және үстіміздегі жылдың алғашқы екі айы ішінде тұтынушылар талабын тынғылықты өтеу жөнінде өздерінің алдына қойылған міндеттерді бүгінгі талаптарға сай шеше отырып, кейбір елеулі жетістіктерге ие болды. Мәселен, Петропавл жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабықтау бөлімі бірінші тоқсанның жоспарын 15 февральға дейін товар айналымы жөнінен 55 процент, көпшілік тамақ айналымы жөнінен 61,4 процент орындады. Бұл сауда орнына январь айындағы жақсы көрсеткіштері үшін Омек темір жол басқармасы мен саяси бөлімінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Темір жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабықтау бөліміне қарасты барлық сауда орындарында советтік мәдениетті сауданың принциптері қатаң сақталады. Әрбір сауда қызметкері өз участогінде тұтынушыларды мейлінше мәдениетті қамтуға, олардың ең қажетті товарларын көптеп сатуға үнемі назар аударады. Мысалға № 55 дүкенді (менгерушісі Жигун жолдас) алайық. Мұнда ұсыныстар кітапшасына тұтынушылар өздеріне келешекте қандай товар сатып алғысы келетіндігін жазып отырады. Осы арқылы дүкеннің қызметкерлері товардың қандай түрі көп керек болса, соның сауда орнына жеткізілуі үшін нақтылы шаралар қолданады. Базалармен, трестермен, жоғары сауда орындарымен тікелей байланыс жасайды. Ал, теміржолшылардың № 30 дүкені (менгерушісі Мурашко жолдас) тұтынушылардың талабын есепке алудың басқаша әдісін қолданады. Олар әрбір тоқсан сайын сатып алушылар конференциясын өткізеді. Мәселен, 19—20 февральда болып өткен соңғы конференцияда дүкен

басшылығы мен қамқорлығына бөленуі қажет.

Кәсіподақ ұйымдары өз активтерінің саяси білімі жоғары болуына үнемі көңіл бөлуге тиіс. Өйткені, қай істе болсын марксистік-лениндік ілімге жетілген кадрлар ғана қойылған міндетті большевикше орындай алатыны мәлім.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің VII пленумы атап көрсеткендей, кәсіподақ активтерінің семинарлары, күрестері керексінде, мазмұнды түрде өткізілетін болуы керек. Мұнымен қатар, активтер үшін саяси, ғылыми тақырыптарда, кәсіподақтың жұмыс тәжірибесі, өнеркәсібіміздің экономикасы мен техникасы жөнінде лекциялар мен баяндамалар жиі-жиі ұйымдастырылуы қажет.

Мұнымен де іс бітпейді. Активтердің оқуын мұқият ұйымдастырумен бірге, оларды күнделікті жұмыс үстінде кездескен кемшіліктерді жою білуге, большевиктік іскерлікке үйрету керек. Бұл үшін кәсіподақ ұйымдары активтерінің жыйналыстары мен кеңестерін жиі өткізіп, толғағы жеткен мәселелерді талқылау және оларды партия мен үкметіміздің, кәсіподақтары жоғарғы орындарының қаулы-қарарларымен таныстырып отыру керек. Осылай болған күнде ғана жұмыс жемісті болады.

«Кадрлардың шын мәнінде шынығуы қайнаған істе, мектептен тыс жерде, қызыншылықтарға қарсы күресте, қызыншылықтарды жою үстінде болады. Естеріңізде болсын, жолдастар, қызыншылықтан қорықпайтын, қызыншылықтан қайшылық жасырыпбайтын, қайта соларды жеңу үшін, жою үшін қызыншылықтарға қасқайып қарсы шабатын кадр ғана жақсы кадр болады» — деп үйретеді Сталин жолдас. Барлық басқа жұмысымыз сияқты, кәсіподақтарының жұмысында да істің табысты болуын кадрлар шешетін болса, кәсіподақ қызметкерлері мен оның активтерін тәрбиелеуде көсемнің бұл сөздері іске басшылық болып табылады.

Бастауыш партия ұйымдары мен қалалық, аудандық партия комитеттері кәсіподақтары активтері арасындағы жұмысты жақсарту жөнінде кәсіподақ ұйымдарының алдына қатаң талап қойып, оның орындалуын үнемі бақылап отыруға, сонымен қатар, қажетті көмек көрсетіп отыруға міндетті.

— 00 —

Жазушы К. А. Фединді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградау туралы ССРО жоғарғы советі президиумының указы

Көркем әдебиет саласындағы аса көрнекті еңбектері үшін, туғанына 60 жыл толуымен байланысты, жазушы Константин Александрович Федин Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ШВЕРНИК.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
25 февраль 1952 жыл.

біздің әрқайсымыздың аса абройлы және жауапты міндетіміз болып саналады.

Үнемі жақсы күтімде болса, қой түлігі шығынсыз өседі. Ол жүн өнімін мол береді. Мұны ғылым мен озат қой өсірушілер тәжірибесі айқын дәлелдейді.

Біздің артель—іріленген шаруашылық. Соңғы бір-екі жыл ішінде қолхоздың қоғамдық қойының саны едәуір артты. Бірақ, ол әлі өз дәрежесінде өркендетіліп отырған жоқ. Біз осыған жетісу үшін кәзір жанамай еңбек етеміз.

Үкметіміз бен партиямыздың қой санын өсіріп, оның жүн өнімін арттыру жөніндегі қаулыларын орындай отырып, мен өткен жылы қой өсіруде кейбір табыстарға жеттім. Қойды бағып күтуді

өсіру. Кәзір менің бағуымдағы қойлар күйлі және шығыны жоқ.

Қарамағымда 500 саулық болса, 125 саулық кәзірдің өзінде қоздады. Алынған қозылар шығынсыз өсірілуде. Олар арнаулы төл үйде күтіледі.

Қойдың қысқы күтімін және төл алу маусымын үлгілі ұйымдастырумен бірге, мен Қазақ ССР Министрлер Советінің жуырда жарияланған «1952 жылы қолхоздар мен совхоздарда қойдан жүнді көп алу және қой қырқу жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес жазғы қой қырқу маусымына әзірлік жүргізудемін.

В. МУСТАФИН,

Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозының шопаны.

Виктор Гюгоның туғанына 150 жыл толды

Москвадағы болған салтанатты мәжіліс

Совет халқы 26 февральда Виктор Гюгоның туғанына 150 жыл толуын атап өтті. Москвада мерекеге арналған салтанатты мәжіліс болды. Одақтар Үйінің Коллегиалық Залына совет жұртшылығының сан алуан өкілдері ғалымдар, жазушылар, искусство қайраткерлері, астана кәсіп орындарының стахановшылары, жоғары оқу орындарының студенттері жыйналды. Мұнда, сонымен қатар, шетелдерден келген қонақтар да болды. Олардың арасында көрнекті француз жазушысы Поль Элюар, Виктор Гюгоның шөбересі—суретші Жан Гюго, бейбітшілікті қорғаудың корей комитетінің председателі жазушы Хан Сер Я, аса көрнекті түрік ақыны Назым Хикмет бар. Мәжіліске қатысушылардың арасында шетелдердің Москвадағы елшіліктері мен миссияларының басшылары болды.

Салтанатты мәжілісті К. М. Симонов ашты.

—Гюгоның есімі,—деді ол, — Гюгоның «Тірі жандар күресуде» деген сөздері жүректерінде берік сақталған дүние жүзінің барлық қарапайым адамдарына қымбат есім.

Дәл осылар, осы қарапайым адамдар мәдениеттің ұзақ ғасырлар бойындағы тарихында әдебиет, искусство, ғылым салаларында жасалған нелер жақсы игілікті мұралардың нағыз және шын мұрагерлері болып табылады.

Бүкіл дүние жүзінің адал ниетті адамдарына Гюго әрі қымбат, әрі жақын. Дүние жүзінің осы ақ ниетті адамдары бұ-

гін біздермен бірге былай деп үн көтереді: «ұлы гуманист жазушы Виктор Гюгоға зор сүйіспеншілігімізді, алғысымызды айтамыз. Оның даңқы мәңгі жасасын!»

Профессор И. И. Анисимов баяндама жасады. Ол 60 жылдан астам өмірін әдебиет қызметіне жұмсаған Виктор Гюгоның өмірі мен қызметінің өткен жолдарын толық айтты.

Реакция әрдайым Виктор Гюгоның алып бейнесіне дақ түсіріп, қаралауға, оның болашаққа ұмтылған ізгі талаптарының маңызын кемітуге тырысып келді. Міне сондықтан да ұлы француз жазушысын өзінің серігі, өзінің мақтанышы деп жариялап отырған прогресшіл адамзаттың үні мереке күні ерекше күшпен қатты естіледі.

Баяндамашы Гюгоның творчествосына Совет Одағы еңбекшілерінің зор ынта қойып, көңіл бөліп отырғандығын айтты. Гюго біздің елімізде мейлінше сүйісініп оқытын және қатты құрметтейтін дүние жүзілік әдебиет классиктерінің бірі.

Бүгінгі күні өткізіліп отырған мерекеңі совет адамдары шын жүректен қызу қарсы алып отыр. Олар қарапайым адамға мақтаныш сезіміне бөленген, оның творчестволық күшіне шексіз сену сезіміне бөленген Гюгоның тамаша шығармаларына зор баға беруде.

Салтанатты кеште совет мәдениеті мен шетел мәдениетінің қайраткерлері: жазушылар Илья Эренбург, Константин Федин, Никола Бажан және Мамед Радим, орыстың атақты актрисасы А. А. Яблоч-

коны жыынаған жақсы коңынан май тұрғанда қоздайды да, төлді лықтың да аман сақталуына мұғуады.

Қой басын осылай өсіре отырғандар оның жүнінің ұзын және болуына жетісулері керек. Бұған жүнді қойларды жыл бойына қонды күйінде ұстау арқылы болады.

Әресе, кәзір, қой төлдеу маусы талған кезде, қолхоз басқармалары саулықтардың күтімін жақсартуға қажетті шараларды жүргізуі керек.

А. ОЛЬШЕВ

Булаев мемлекеттік племрассаға зоотехник-селекционері.

кина, артистер В. Пудовкин мен рова, түрік ақыны Назым Хикмет сөйледі. Бұлардың сөздері Француз бостандық сүйгіш халқының қолына жалынды сүйіспеншілік және шексіз құрметтеу сезіміне бөленді. Француз ақыны Поль Элюар жөнінде сөз сөйледі.

—Мен, —деді ол,—осында, Совет Одағында, Виктор Гюгоның туғанына 150 жыл толуына арналған бүгінгідей тамаша салтанат үстінде француз зиясының атынан сөз сөйлеп, мәңгі зор құрметке ие болып отырмын.

Виктор Гюгоның мерекесін өткізіп, Ленинің және Сталиннің еліміздің жолындағы барлық күреске жер шарындағы барлық адал ниетті адамдарға туысқандық қолын созуда.

Мәжілістің қорытындысында үлкейіп кетті, бұл концертке совет иелерінің көрнекті шеберлері қатысты. Концертте Виктор Гюгоның өлеңдері оқылды, оның пьесаларынан және шығармалары бойынша жаңа музыкалық спектакльдерден үзінділер ойналды.

В. Гюгоның туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелі жыйналыстар мектептер Ленинградта, Киевте, Минскте, Ригада, Вильноста, Ереванда, Кишиневте, Фрунзеде және еліміздің қалаларында да болып өтті.

(СО

